



• Балғын бояу

«ЫБЫРАЙ КЕЙІПКЕРЛЕРІ ҚЫЛҚАЛАМ ҰШЫНДА»


Құрметті оқырман, Ыбырай аталарыңның шығармаларын соңғы рет қашан оқыдыңдар? Ұлы ұстаздың шығармаларын көптен бері қолға алмаған болсақ, оқуға себеп бар. Биыл – қазақтың бас ұстазы Ы.Алтынсариннің туғанына 180 жыл. Мерейтойға орайластырып Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасы облыс көлемінде «Ыбырай кейіпкерлері қылқалам ұшында» деген тақырыппен іс-шара ұйымдастырып отыр. Ұлы ұстаздың бізге қалдырған құнды мұрасын, еңбектерін дәріптеу мақсатындағы бастамамызға қолдау көрсетіп, достық қолын созған, болашақ жас суретшілеріміздің қылқаламынан туған шығармашылық жұмыс-

тарын баспа бетінде жариялап отырған балалар мен жасөспірімдерге арналған «Ұлан» газетіне алғысымыз шексіз!

Бұл шығарылымда Ыбырай атасының өлеңдерін оқып, шығарма кейіпкерлерін қылқаламмен ұштастырған, жас суретші, Халықаралық «DREAMFEST» бейнелеу-қолданбалы өнері байқауының диплом иегері, ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Мен Тәуелсіз Қазақстанды бейнелеймін» атты Республикалық сурет байқауының және XI Халықаралық «ALASH STAR» өнер байқауының бас жүлдегері Акерке Айдарбекованың шығармашылық жұмыстарын ұсынып отырымыз.

Достар, сендерді Ыбырай Алтынсариннің ғибратты шығармаларын бірге оқуға шақырамыз! Суреттеріңді Шығыс Қазақстан облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасының imo.odyub@mail.ru электрондық поштасына жіберулеріңе де болады.

*Құрметпен,
Қарлығаш ЖҮНІСБЕКОВА,
ШҚО мәдениет
басқармасының «Шығыс
Қазақстан облыстық
балалар және жасөспірімдер
кітапханасы»
КММ жасөспірімдерге
қызмет көрсету секторының
жетекшісі.
Өскемен қаласы*



Ақерке АИДАРБЕКОВА:

– Азартушы Ы.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық» өлеңі барша баланы оқуға, білімге шақырады. Сондықтан бұл картинада білімді кітаптан алатын болғандықтан, том-том кітаптарды бейнеледім. Өлеңдегі «Оқысаңыз, балалар, шамнан шырақ жазғылар...» деген үзіндіні ала отырып, кітаптан шыққан жарық сәулені білімді болашақтың символы ретінде көрсеттім.

КЕЛ, БАЛАЛАР, ОҚЫЛЫҚ

Бір Аллаға сыйынып,
Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге,
Ықыласпен тоқылық.

Істің болар қайыры
Бастасаңыз Аллалап.
Оқымаған жүреді
Қараңғыны қармалап.

Кел, балалар, оқылық,
Оқығанды көңілге
Ықыласпен тоқылық.

Оқысаңыз, балалар,
Шамнан шырақ жағылар,
Тілегенің алдыңнан
Іздемей-ақ табылар.



АНАНЫҢ СҮЮІ

«Ананың сүйі» өлеңінде ананың баласына деген махаббаты ыстық екенін жеткізген. Картинамнан ананың ыстық құшағындағы баланың алаңсыз тебіреніп жатқанын және аналардың махаббатын көресіз.



Кім сендерді, балалар,
сүйетұғын,
Қуанышыңа қуанып,
қайғыңа күйетұғын?
Түн ұйқысын төрт бөліп,
кірпік қақпай,
Шешен байғұс дамылсыз
жүретұғын.

Кім сендерді, балалар,
тербететін,
Еркелетіп, ойнатып,
сергітетін.
Жалқау болсаң, балалар,
жаман болсаң,
Қамқор анаң көз жасын
көлдететін.

Кім сендерді сағынар
шетке кетсең,
Ғылым іздеп, тез қайтпай,
көпке кетсең,

Ұмытпа, ең кемінде
жұлдыз сайын,
Хат жазып тұр, төбесі
көкке жетсін.

Кім сағынар сендерді
келгеніңше,

Құлындарын көзімен
көргенінше,
Сендер қайтып келгенде
адам болып.
Еш арманым болмас ед
өле-өлгенше.

